


Міндеттеме

Міндеттеме (liabilities) - бұл анықталған іс бойынша орындаудың міндеттері немесе қарызы. Міндеттеме алдыңғы мерзімді пайда болған субъектілердің берешектері. Оны өтеу кезінде экономикалық табыстарды алып келетін ресурстардың мекемеден кетуге алып келеді.



Несие — бір заңды тұлғаның екінші бір заңды тұлғаға немесе жеке адамның заңды тұлғаға әдетте келісілген мөлшерде пайыз, есім (процент) алу үшін белгілі бір уақытқа заттай немесе ақшалай уақытша қаржы беруге байланысты пайда болатын экономикалық қарым-қатынас жүйесі болып табылады.



Ұзақ мерзімді міндеттеме - бұл зайым алушының балансының нақты датасынан бір жылдан астам төлем мерзімі бар міндеттеме. Ұзақ мерзімді міндеттемелер арасына ұзақ мерзімді несиелерді, мерзімі ұзартылған салықтарды, ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті қатыстырады.



Ұзақ мерзімді қарыздық міндеттемелерді шығаруда шешім қабылдаған кезде компания басшылығы акциялармен салыстырғанда ұзақ мерзімді қарыздық міндеттемелердің артықшылықтарын қарастырады.

Акционерлер бақылауы (shareholder control). Иелердің дауыс беру облигацияларының жоқтығына қарамастан, акционерлер компания бақылау қығын жоғалтпайды.

Салықтық эффект (tax effects). Көптеген мемлекеттерде қарыздық міндеттемелер пайыздары табыс салығын есептегенде шегерімге жатқызылады, ал акционерлер дивиденттеріне ондай жеңілдіктері жоқ.

Қаржылық левередж (financial leverage). Бұл меншікті капиталдың қарыздық қаражаттарды тартқаннан өсімін айтады. Егер компания өз активтерін қарызданып міндеттемелерге төлейтін пайыздардан қарағанда көбірек ақша тапса, левередж арқылы компания капиталы мен акционерлер табысын ұлғайтады.

Ұзақ мерзімді міндеттемелерді бағалау және өлшеу кезінде келесі принциптерді есепке алу қажет:



- ұзақ мерзімді міндеттемелерді қарызға алынған тауарлар мен қызметтердің әділетті нарықтық құн бойынша тіркейді;
- пайыздардың өз мерзімінде төленуі міндеттемелерді шығару датасындағы нарықтық пайыздық қойылымына негізделген;
- ұзақ мерзімді міндеттемелердің баланс датасындағы қалдық құны – бұл эмиссия негізіндегі нарықтық пайыздық қойылымына дейін дисконтталған қолма-қол қалған төлемдердің нақты құны. Пайыздық қойылым міндеттемелердің негізінде өзгермейді.